

## **Бәйдібек ауданы бойынша жекелеген елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы**

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 61/366 бірлескен шешімі және Түркістан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 қаңтардағы № 01 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 28 қаңтарда № 6043 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес Бәйдібек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Бәйдібек ауданының жер қатынастары бөлімі мен сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысына сәйкес, елді мекендердің шекаралары өзгертілсін:

1) 59,33 гектар жер учаскесі Жамбыл ауылдық округі Жамбыл ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 232,57 гектар;

2) 108,92 гектар жер учаскесі Алмалы ауылдық округі Бәйдібек ата ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 465,36 гектар;

3) 27,08 гектар жер учаскесі Боралдай ауылдық округі Жоғарғы Боралдай ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 154,74 гектар;

4) 53,96 гектар жер учаскесі Боралдай ауылдық округі Боралдай ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 269,9 гектар;

5) 96,26 гектар жер учаскесі Ақбастау ауылдық округі Ақбастау ауылының шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 484,93 гектар;

2. Бәйдібек аудандық мәслихат аппараты мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы және шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы және шешімді Бәйдібек аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Мәслихат сессиясының төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Е. Шәріпбеков*

*Б. Омарбеков*

*М. Нахипбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК